

ДӘРІС 6. Мемлекеттік экологиялық саясат және оны Қазақстан өңірлерінде іске асыру тәсілдері. ҚР аймақтық экологиялық саясатының негізгі бағыттары. Өңірлік экологиялық бағдарламалар: энергия үнемдеу және баламалы энергия көздерін дамыту, қалдықтарды кәдеге жарату, жерді пайдалануды аумақтық ұйымдастыру және аңтайландыру, ерекше қорғалатаны табиғи аумақтар жерлерін дамыту және биоәртүрлілікті сақтау. Аймақтың «ерекше экологиялық аймағы» мәртебесі және оның өңірлік экологиялық саясатты қалыптастырудағы рөлі. Аймақтық экологиялық саясат және Қазақстан аймақтарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазақстанның шекаралық аудандарындағы экологиялық саясаттың ерекшеліктері.

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлде жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылуының және қалыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың жақсы ұйымдастырылған және аумақтық таралған жүйесін — қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқарудың жылдары болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті.



Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құрылды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды. Мысалы, 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптама туралы», 1998 жылы — «Радиациялық қауіпсіздік туралы» Заңдар, ал 2002 жылы — «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заң қабылданды. Табиғатты ұтымды пайдалану саласында Президенттің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» (1996 жыл) және «Мұнай туралы» (1995 жыл) заң күші бар Жарлықтары, 2003 жылы — Орман, Су және Жер кодекстері қабылданып, көптеген өзгерістерге ұшырап отырды.

Тұжырымдаманың міндеттерін орындау нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту және міндетті экологиялық сараптаманы енгізу есебінен 90 жылдардың басымен салыстырғанда қоршаған ортаны ластаудың қарқыны едәуір төмендеді. Алайда, мемлекеттің экологиялық осал аумақ және шешілмеген экологиялық проблемалар мәртебесі сол күйінде қалып отыр.

Жоғарыда аталғандармен байланысты елдің стратегиялық басымдықтарына сәйкес қазіргі жағдайдағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттерін түбегейлі қайта қарау, нақтылау және кеңейту көзделуде. Жаңа Тұжырымдамада іске асырылмаған міндеттерді шешу ұсынылып отыр.



Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану және қоғамның экологиялық орнықты дамуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы. Министрліктің мемлекеттік мекемелерінің ұйымдық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары — облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы қоршаған ортаны қорғау басқармалары және республикалық инспекциялық басқармасы болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығымен Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің жер қойнауын қорғау жөніндегі бақылау- қадағалау функциялары Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 28 қазандағы
қаулысымен министрлік туралы жаңа
ереже бекітіліп, Министрліктің
Табиғатты қорғауды бақылау комитеті
кұрылды. Министрлік қоршаған
ортаны қорғау және табиғатты
пайдалануды басқару саласындағы
мемлекеттік саясатты әзірлеу және
іске асыру жөніндегі басшылықты
және салааралық үйлестіруді жүзеге
асыратын орталық атқарушы орган
болып табылады. Министрліктің
негізгі міндеті қоршаған ортаның
сапасын жақсарту және қоғамның
экологиялық тұрақты дамуының
қолайлы деңгейіне қол жеткізу болып
табылады.




Министрліктің ведомствосы — Табиғатты қорғауды бақылау комитеті, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары-облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармалары бар. Енді осы Министрліктің функцияларына тоқтал кетсек:

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ережеге сәйкес:

— Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (бұдан әрі — Министрлік) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады және ол өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

- Министрлікке Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
 - Егер Министрлікке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда осындай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі
- Ал енді министрліктің негізгі құқықтарына келсек:
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялық функциялар:
 - тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;
 - өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық сараптама, рұқсат ету, лицензиялық және экологиялық-сараптама қызметі, нормалау және стандарттар саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін, сондай-ақ ұтымды табиғат пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктері жүйесін ұйымдастыру және жетілдіруі;

- 
- қоршаған орта, климат пен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін, сондай-ақ гидрометеорологиялық бақылаулар мен метеорологиялық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру;
 - өз құзыреті шегінде меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғат қорғау заңнамасын сақтауын және орындауын қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;
 - қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы заңнаманы жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;
 - қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми негіздерін қалыптастыру және дамыту, қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру;
 - қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы халықаралық конвенциялар мен келісімдерді іске асыру аясындағы саясатты әзірлеу;

Аймақтық техногендік шөлейттену, топырақтың тозуы. Қазақстанның барлық жер көлемі 2724,9 мың км². Жер қорымыздың көлемі өте үлкен болғанымен оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс пайдаланбау салаларынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, шөлге айналу процестері күшейе түсуде. Соңғы мәліметтер бойынша Республика жерінің 180 млн. га немесе 60 % шөлге айналған. Барлық жердің 235 млн га жазық жерлер, 185млн. га жайылым және 34 млн. га таулы аймақтар алып жатыр. Осы аталған 235 млн. га құнарлы жердің 180 млн.га жері жарамсыз жерлерге ұшырап, оның 30 млн.га топырақ эрозиясы 60млн.га тұздану, 10млн.га химиялық және радиактивті заттармен ластанған.



Ғаламдық экологиялық мәселелер — ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық мәселелер кешені. Зор геосаяси мәселелердің экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің бұлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы және т.б. Олар тек қана барлық елдердің қатысуымен, БҰҰ-ның басқаруымен шешілуі мүмкін. Экологиялық мәселелердің ғаламдығы орнын шешу үшін барлық елдердің жігерін жұмылдыру қажеттігін тудырып отыр; қарудың барлық түрлерін азайтпай экологиялық дағдарыстан айырылу мүмкін еместігі;



Қазақстан Республикасы үшін экологиялық қауіпсіздік мәселелері мен жағдайлары бүгінгі таңда маңызды орын алып тұр. Мемлекетіміздің тәуелсіздігімен бірге жаңа экологиялық қауіпсіздік жүйелерін басқару да бой көтеріп келеді. Дұрыс басқару қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік саясатын уағыздап, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану үшін өте қажет. Өкінішке орай Қазақстанда көптеген жылдар бойы өндірісте табиғи шикізаттарды өндіргенде, қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды шығару көп мөлшерде болды.



Экологиялық қауіпсіздіктің негізгі міндеттері:

- климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының бұзылуына душар ететін антропогендік әсерді азайту;
- биоәртүрлілікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының алдын алу;
- экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалту;
- Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу;
- су ресурстарының тозуының және ластануының алдын алу;
- табиғи ластануларды, әуе бассейнінің ластануын, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, оның ішінде трансшекаралық ластануларды жою және олардың алдын алу;
- өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу.

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіз дамуы мынадай қағидаттарға негізделеді:

- табиғи ресурстарды пайдаланудың экологиялық мүмкіншіліктерін айқындайтын және қоршаған ортаны сапалы теңгермелі басқаруды қамтамасыз ететін шектеулердің, нормативтердің және шаруашылық әрі өзге де қызмет жүргізу ережелерінің ғылыми-негізделген кешенін енгізу жолымен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін барлық қоғамдық қатынастарды реттеуге экожүйелік тәсіл;
- экологиялық қауіпсіздіктің өңірлік және жергілікті міндеттерінің экологиялық қатерлердің алдын алудың жаһандық және ұлттық мақсаттарына бағыныштылығы;
- қоршаған орта мен адамның денсаулығына келтірілген залалды өтеудің міндеттілігі (табиғат пайдаланушылар мен ластаушылар төлейді);
- өндірістік күштерді дамыту мен орналастырудың экологиялық-экономикалық теңгермелігі (экологиялық сыйымдылық пен аумақтық жоспарлау қағидаттары);



Соңғы уақытта күн энергетикасы — 28,1, жел энергетикасы — 48, геожылу энергетикасы — 7,5, дәстүрлі энергетика — 2,2 пайызға өсті. Алайда бұған мән беріп жатқандардың қарасы соншалықты көп емес. Осы орайда Қазақстанның өзгелерге үлгі боларлық әрекеттерге қадам жасап жатқанын айта кеткеніміз жөн. Баламалы энергетиканы адам игілігіне жаратуды көздеген Қазақстан 2015 жылға қарай тұтынылатын жалпы электр қуатының 1 пайызын жаңартылған қуат көздерінен алуды жоспарлап қойды. Ал 2050 жылға қарай біздің ел көмірқышқыл газының ауаға таралу көлемін 25 пайызға азайтпақшы. Бұл үшін жаңа технологиялар мен жаңартылған энергия көздері қолданысқа енгізіледі деп күтілуде. Қазір жоғарыдағы мақсатқа жету үшін Назарбаев университетінде құрылған энергетикалық зерттеулер орталығы ізденіс үстінде. Бұл әрине болашаққа деген үлкен қадам. Әрбір жасаған қадамымыз ең бірінші қоршаған табиғатқа жат әсерін тигізбеуі тиіс. Бұл ұлан-байтақ жер анамызда өмір кешіп жатқан адамдарға қойылатын негізгі талап!. Сондықтан экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қазіргі инновациялық елдердің негізгі мақсаты.



**Назарларыңызға
рахмет!**